

**Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің
2021-2025 жылдарға арналған стратегиялық жоспарының нысаналы
индикаторларын есептеу әдістемесі
(2023 жылғы «7» наурыздағы № 38 өзгерістерімен)**

**1. «Инфляция деңгейі» (желтоқсан өткен жылғы желтоқсанға)
нысаналы индикаторы**

Тұтыну бағаларының индексін құру әдіснамасы Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті Төрағасының міндетін атқарушының 2015 жылғы 30 желтоқсандағы № 230 бұйрығымен бекітілді.

Өткен жылғы тиісті айға есепті жылғы айлық баға индекстерін есептеу есепті жылғы индекстік қатардағы айлық баға индексін өткен жылғы осы қатардағы айлық баға индексіне бөлу арқылы жүзеге асырылады:

$$I_t = \frac{I_t^g}{I_{(g-1)}} \times 100 \quad (4)$$

мұндағы

I_t – өткен $g-1$ жылғы тиісті айға g есепті жылғы t айдағы баға индексі;

I_t^g – индекстік қатардағы g есепті жылғы t айдағы баға индексі;

$I_{(g-1)}$ – индекстік қатардағы өткен $g-1$ жылғы t айдағы баға индексі.

2. «Жалпы халықаралық резервтер» нысаналы индикаторы

Бұл көрсеткіш былайша айқындалады: тауарлар мен көрсетілетін қызметтер импортының бес-он екі айын халықаралық резервтермен өтеу. Яғни РЖ кемінде 5 болуы тиіс, мұнда РЖи – импорт базасында резервтердің жеткіліктілік көрсеткіші және мынадай формула бойынша есептеледі:

$R_{Жи} = RA / ((Им_{т12} + Им_{у12}) / 12)$, мұнда

RA – есепті күнге миллион Америка Құрама Штаттарының (бұдан әрі – АҚШ) долларымен көрсетілген «Резервтік активтер» (немесе алтынвалюта резервтері) көрсеткіші;

$Им_{т12}$ – есепті күннің алдындағы 12 айдағы «Тауарлар, дебет (импорт)» төлем балансы көрсеткіштерінің миллион АҚШ долларымен көрсетілген сомасы;

$Иму_{12}$ – есепті күннің алдындағы 12 айдағы «Көрсетілетін қызметтер, дебет (импорт)» төлем балансы көрсеткіштерінің миллион АҚШ долларымен көрсетілген сомасы;

Импорт базасындағы резервтік активтердің жеткіліктілік көрсеткіші алтынвалюта резервтерінің деңгейін экономиканың мөлшері мен ашықтығымен салыстырудың қарапайым әдісі ретінде қолданылады және валюталық ресурстардың кез келген ағыны толық тоқтатылған жағдайда ел өзінің қазіргі импорт деңгейін қамтамасыз ете алатын уақыт кезеңін көрсетеді. Бұл өлшемшартты негізінен импорт төлем балансындағы шығыстардың маңызды бабы болып табылатын елдер қолданады. Дәстүрлі түрде тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің үш айлық импорты алтынвалюта резервтерімен өтеудің ең төменгі жеткілікті деңгейі болып табылады (Халықаралық валюта қорының ұсынымдарына сәйкес);

3. «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің экономиканы мемлекеттік қолдау бағдарламаларын қаржыландыруға қатысуы» нысаналы индикаторы

Мемлекет басшысының бастамалары бойынша коронавирустық инфекцияның таралуының теріс әсері жағдайында Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (бұдан әрі – Ұлттық Банк) экономиканы қолдау, іскерлік белсенділікті және халықтың жұмыспен қамтылуын ынталандыру үшін дағдарысқа қарсы іс-шаралар кешенін жалпы сомасы 2,3 трлн. теңгеге дейін қаржыландыруға қатысады. теңге келесі бағыттар бойынша:

1. 2020 жылғы 19 наурызда Ұлттық Банк Басқармасының №39 қаулысымен елде төтенше жағдай енгізу нәтижесінде зардап шеккен шағын, орта, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне және дара кәсіпкерлерге қолдау шараларын көрсетуді көздейтін, қаржыландырудың жалпы көлемі 800 млрд теңге болатын Кәсіпкерлік субъектілеріне жеңілдікпен кредит беру бағдарламасы қабылданды.

Бизнесті қолдау тетігі екінші деңгейдегі банктер (бұдан әрі – ЕДБ) мен «Аграрлық кредиттік корпорация» акционерлік қоғамының (бұдан әрі – АКК) кәсіпкерлерге айналым қаражатын толықтыруға жылдық 8%-дан аспайтын сыйақы мөлшерлемесі бойынша 12 айға дейінгі мерзімге жеңілдікті кредиттер беруі арқылы іске асырылады.

Бағдарламаның қолданылу мерзімі – 2021 жылғы 31 желтоқсанға дейін.

2. Басым жобаларды кредиттеу тетігін («Қарапайым заттар экономикасы» бағдарламасы)¹ іске асыру шеңберінде Ұлттық Банк өз қаражаты және оның басқаруындағы қаражат есебінен 1 трлн теңгеге дейінгі сомаға өңдеу өнеркәсібінде және агроөнеркәсіптік кешенде қызметін жүзеге асыратын жеке кәсіпкерлік субъектілеріне (бұдан әрі – ЖКС) кейіннен жылдық 15% - дан аспайтын сыйақы мөлшерлемесі бойынша кредиттеу үшін, оның 6% - ын ЖКС төлейтін, ал айырмасын мемлекет республикалық бюджет қаражаты есебінен субсидиялайтын болады, жылдық 11%-ға дейінгі кірістіліктің жиынтық

¹«Қолжетімді кредит беру міндетін шешу үшін ұзақ мерзімді теңгелік өтімділікті қамтамасыз етудің кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 11 желтоқсандағы №820 қаулысы

мөлшерлемесі бойынша ЕДБ мен АКК-ның өтеу мерзімі 10 жылға дейінгі облигацияларын сатып алуды жүзеге асырады.

Бағдарламаның қолданылу мерзімі – 2021 жылғы 31 желтоқсанға дейін.

3. Халықтың іскерлік белсенділігін және жұмыспен қамтылуын қолдауға бағытталған Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2020 жылғы 27 наурыздағы № 55-ү үкімімен бекітілген Жұмыспен қамтудың 2020-2021 жылдарға арналған жол картасы шеңберінде Ұлттық Банк 2020 жылы жергілікті атқарушы органдар іске асыратын инфрақұрылымдық жобаларды қаржыландыру үшін жалпы сомасы 700 млрд теңгеге 5 транш бөлді. Қазақстан Республикасының Үкіметі тарапынан бөлінген қаржыландыруды ескере отырып, қаржыландырудың жалпы көлемі 1 трлн теңгені құрады.

Сонымен қатар, Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасының Үкіметіне Ұлттық Банкпен бірлесіп, 2021 жылы Жұмыспен қамту жол картасын іске асыруға кемінде 400 млрд теңге қосымша бағыттауды, сондай-ақ қосымша тұрақты жұмыс орындарын құруға бағытталған жаңа тәсілдерді әзірлеуді тапсырды.

Ұлттық Банктің бағдарламаны қаржыландыруды аяқтау мерзімі – 2021 жыл.

4. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 31 желтоқсандағы № 1054 қаулысымен бекітілген 2020-2025 жылдарға арналған «Нұрлы жер» тұрғын үй-коммуналдық дамытудың мемлекеттік бағдарламасын іске асыру шеңберінде және 2020 жылғы 11 мамырдағы төтенше жағдай жөніндегі мемлекеттік комиссияның қорытынды отырысында Мемлекет басшысының берген тапсырмасына сәйкес Ұлттық Банк жалпы көлемі 390 млрд теңге көлемінде қаржыландыру бөлуді көздеді. Қолжетімді тұрғын үй салу үшін жергілікті атқарушы органдар 180 млрд теңге қаржыландырды, «5-10-20» бағдарламасы бойынша жеңілдетілген кредит беруді қаржыландыру үшін жоспарланған 210 млрд теңгеден 90 млрд теңге мөлшерінде бірінші транш бөлінді. Қалған 120 млрд теңге бұрын бөлінген қаражат толық игерілгеннен кейін қаржыландырылатын болады.

Ұлттық Банктің бағдарламаны қаржыландыруды аяқтау мерзімі – 2021 жыл.

5. Ұлттық Банк 2019-2023 жылдар ішінде жыл сайын 20 млрд теңге сомасына Ұлттық Банк Басқармасының 2019 жылғы 31 мамырдағы №79 қаулысымен бекітілген отандық өндірістің жеңіл автокөліктерін сатып алушыларға кредит беру бағдарламасын қаржыландыруды жүзеге асырады. Қаржыландырудың жалпы көлемі – 100 млрд теңге.

Бағдарламаның негізгі міндеттері автомобиль өнеркәсібі кешенін және экономиканың сабақтас салаларын дамыту, халықтың отандық өндірістің жеңіл автомобильдерімен қамтамасыз етілуін ұлғайту, жаңа жұмыс орындарын құру және инвестициялық ахуалды жақсарту болып табылады.

Қарыз алушыларды кредиттеу талаптарына сәйкес сатып алушылар 7 жылдан аспайтын мерзімге жылдық 7,5%-дан аспайтын сыйақы

мөлшерлемесі бойынша және автомобильдің ең жоғары құны – 15 млн теңге отандық өндіріс автомобилін сатып алуға қарыз ала алады.

Ұлттық Банктің бағдарламаны қаржыландыруды аяқтау мерзімі – 2023 жыл.

4. «Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры» акционерлік қоғамының (бұдан әрі – ҚДКҚ) жарғылық капиталды ескергендегі арнайы резервінің деңгейі» нысаналы индикаторы

ҚДКБҚ арнайы резервінің деңгейін есептеу арнайы резервтің нақты мөлшерінің сомасын және ҚДКБҚ жарғылық капиталының 70%-ын депозиттерге кепілдік беру жүйесіне қатысушы банктердегі барлық кепілдік берілетін депозиттердің сомасына бөлу арқылы жүзеге асырылады:

$$CP_{\%} = \frac{CP_{\text{факт}} + УК * 70\%}{\Sigma ГД}$$

мұнда,

$CP_{\%}$ – ҚДКБҚ арнайы резервінің % деңгейі;

$CP_{\text{факт}}$ – ҚДКБҚ арнайы резервінің нақты мөлшері;

УК – ҚДКБҚ жарғылық

$\Sigma ГД$ – депозиттерге кепілдік беру жүйесіне қатысушы банктердегі барлық кепілдік берілген депозиттердің сомасы.

Депозиттерге міндетті кепілдік беру туралы Заңға² сәйкес ҚДКБҚ арнайы резервінің мөлшері қатысушы банктердегі барлық кепілдік берілген депозиттер сомасының кемінде 5%-ын құрауы тиіс.

Жарғылық капиталдың 70%-ын енгізу депозиттерге міндетті кепілдік беру туралы Заңның 22-бабының 1-тармағында ескертілген, оған сәйкес ҚДКБҚ ұйымның жарғылық капиталы мөлшерінің 70% шегінде өз шығыстары есебінен арнайы резерв қалыптастыруға құқылы.

5. «Қазақстан Республикасының валюталық заңнамасы талаптарының сақталуы тұрғысынан тәуекел дәрежесін бағалау негізінде тексерулермен қамтылған уәкілетті банктердің үлесі» нысаналы индикаторы

² «Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінде орналастырылған депозиттерге міндетті кепілдік беру туралы» 2006 жылғы 7 шілдедегі №169 Қазақстан Республикасының Заңы
Қазақстан Республикасының Заңы

³ «Валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы» 2018 жылғы 2 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 1-бабы 1-тармағының 8) тармақшасына сәйкес уәкілетті банктер – валюталық операцияларды, оның ішінде клиенттердің тапсырмалары бойынша валюталық операцияларды жүргізетін, Қазақстан Республикасында құрылған банктер және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар (уәкілетті ұйымдарды қоспағанда), сондай-ақ шетелдік банктердің Қазақстан Республикасында қызметін жүзеге асыратын филиалдары.

Есептеу әдістемесі «Ұлттық Банктің валюталық реттеу және валюталық бақылау саласындағы уәкілетті банктерді тексеруді жүзеге асыру мақсатында тәуекелдер дәрежесін бағалауды қалыптастыру тәртібін бекіту туралы» Ұлттық Банк Төрағасының 2020 жылғы 25 желтоқсандағы №291 бұйрығымен айқындалған.

Көрсеткіш Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің уәкілетті банктердің бар-жоғы туралы деректері негізінде қолмен есептеледі:

$$It = (n/N)*100$$

мұнда:

It – мәні;

n – есепті кезеңде тәуекелдер дәрежесін бағалауға тексерулермен қамтылған уәкілетті банктердің саны;

N – есепті кезеңнің соңындағы жұмыс істеп тұрған уәкілетті банктердің жалпы саны.

Осы көрсеткіш есепті кезеңнің соңындағы жұмыс істеп тұрған уәкілетті банктердің жалпы санына есепті кезеңде уәкілетті банктерге Ұлттық Банк жүргізген тексерулер санының үлесі түрінде айқындалады.

6. «Тәуекел дәрежесін бағалау негізінде тексерулермен қамтылған қызметін Ұлттық Банктің қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларына (бұдан әрі – УО) лицензиясы негізінде айырбастау пункттері арқылы ғана жүзеге асыратын заңды тұлғалардың үлесі» нысаналы индикаторы

Бұл көрсеткіш есептік кезеңде УО-ның салыстырмалы көріністегі тәуекел дәрежесін бағалау негізінде тексерулермен қамтылуын, яғни тәуекел дәрежесін бағалау негізінде тексерілген УО-ның есептік кезеңнің соңындағы қолданыстағы УО-ның жалпы санына қатынасын сипаттайды.

Коэффициентті есептеу мынадай формула бойынша жүзеге асырылады:

$$It = (n/N)*100$$

мұнда

It – мәні;

n – есепті кезеңде УО тәуекел дәрежесін бағалауда тексерулермен қамтылған УО саны;

N – есепті кезеңнің соңындағы қолданыстағы УО жалпы саны.

7. «Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының жинақ портфелін бөлу» нысаналы индикаторы

Есепті жылдың соңына қарай дамушы елдердің мемлекеттік облигацияларының, корпоративтік облигациялардың, дамыған елдер акцияларының, балама құралдардың және Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының (бұдан әрі – Ұлттық қор) жинақ портфеліндегі алтынның үлестерін есептеу мынадай формула бойынша жүзеге асырылады:

$$i \text{ үлесі (\%)} = (i \text{ портфельдің нарықтық құны} / \text{жинақ портфелінің нарықтық құны}) * 100, \text{ мұнда}$$

i – ҚР Ұлттық қорының жинақ портфелінің тиісті портфелі (дамушы елдердің мемлекеттік облигациялары, корпоративтік облигациялар, дамыған елдердің акциялары, баламалы құралдар, алтын);

жинақ портфелінің нарықтық құны – дамыған елдердің мемлекеттік облигацияларының, дамушы елдердің мемлекеттік облигацияларының, корпоративтік облигациялардың, дамыған елдер акцияларының, баламалы құралдардың портфельдерін және есепті жылдың соңындағы алтын портфелін қамтитын жинақ портфелінің жиынтық нарықтық құны.

8. «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтерінің соңғы 5 (бес) жылдағы орташа жылдық кірістілігі» нысаналы индикаторы

Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының (С) зейнетақы активтерінің соңғы 5 (бес) жылдағы бір шартты бірлігінің құны өзгерістерінің (өсу немесе төмендеу) орташа геометриялық мәні бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтерінің соңғы 5 (бес) жылдағы орташа жылдық кірістілігінің көрсеткіші болып табылады.

С – бұл бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтерін инвестициялық басқару нәтижесінде олардың өзгеруін сипаттау үшін пайдаланылатын бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтерінің бір шартты бірлігінің құны.

Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтерінің соңғы 5 (бес) жылдағы орташа жылдық кірістілігі мынадай формула бойынша есептеледі:

$$K = \left(\frac{C_t}{C_{t-1}} * \frac{C_{t-1}}{C_{t-2}} * \frac{C_{t-2}}{C_{t-3}} * \frac{C_{t-3}}{C_{t-4}} * \frac{C_{t-4}}{C_{t-5}} \right)^{1/5} - 1, \text{ мұнда}$$

K – бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтерінің соңғы 5 (бес) жылдағы орташа жылдық кірістілігі;

C_t – ағымдағы жылғы есепті кезеңнің соңындағы бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтерінің бір шартты бірлігінің құны;

C_{t-1} ; C_{t-2} ; C_{t-3} ; C_{t-4} ; C_{t-5} – соңғы 5 (бес) жыл ішінде тиісті жылдың есепті кезеңінің соңындағы бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтерінің бір шартты бірлігінің құны.

Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтерінің бір шартты бірлігінің құны Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8815 болып тіркелген «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының және (немесе) ерікті жинақтаушы зейнетақы қорларының қызметін жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2013 жылғы 27 тамыздағы № 237 қаулысына сәйкес есептеледі.

9. «Қаржылық технологиялар мен инновацияларды дамыту тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі жол картасы шеңберінде іске асырылған стратегиялық бастамалар коэффициенті, %» нысаналы индикаторы

Есептеу әдістемесі Ұлттық Банк Басқармасының 2020 жылғы 17 тамыздағы № 101 қаулысымен бекітілген 2020 – 2025 жылдарға арналған қаржылық технологиялар мен инновацияларды дамыту тұжырымдамасын (бұдан әрі – Тұжырымдама) іске асыру жөніндегі Жол картасы шеңберінде іске асырылған стратегиялық бастамалар санының негізінде айқындалған.

Тұжырымдаманы іске асыру жөніндегі Жол картасы шеңберінде іске асырылған стратегиялық бастамалар коэффициентін есептеу есепті кезеңде орындалған стратегиялық бастамалар санын Тұжырымдаманы іске асыру жөніндегі Жол картасы шеңберінде осы есепті кезеңде аяқтауға көзделген стратегиялық бастамалардың жалпы санына бөлу арқылы жүзеге асырылады:

$$CPI_t = \frac{PI_t}{PI_t} \times 100, \quad (1)$$

мұнда

CPI_t (coefficient of implemented initiatives) – t есепті кезеңде Тұжырымдаманы іске асыру жөніндегі Жол картасы шеңберінде іске асырылған стратегиялық бастамалар коэффициенті;

PI_t (implemented initiatives) – t есепті кезеңде іске асырылған стратегиялық бастамалардың саны;

PI_t (planned initiatives) – Тұжырымдаманы іске асыру жөніндегі Жол картасы шеңберінде осы t есепті кезеңде аяқтауға көзделген стратегиялық бастамалардың жалпы саны.

10. «Халықтың қолма-қол ақшасыз төлемдері» нысаналы индикаторы

Көрсеткішті есебі есепті кезеңдегі тауарлар мен қызметтер үшін халықтың қолма-қол ақшасыз төлемдерінің көлемін есепті кезеңдегі бөлшек сауда көлеміне бөлу арқылы жүзеге асырылады:

$$K = \frac{Q_{\text{безнал}}}{Q_{\text{розн}}} * 100$$

$Q_{\text{қолма-қол ақшасыз}}$
 $Q_{\text{бөлшек}}$

мұнда

K – «Халықтың бөлшек тауар айналымына қолма-қол ақшасыз төлемдері» көрсеткіші»;

$Q_{\text{қолма-қол ақшасыз}}$ – Ұлттық Банкке «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қазақстан банкаралық есеп айырысу орталығы» республикалық мемлекеттік кәсіпорны және ЕДБ ұсынатын мәліметтер негізінде есептелетін есепті кезеңдегі тауарлар мен қызметтер үшін халықтың қолма-қол ақшасыз төлемдерінің көлемі;

$Q_{\text{бөлшек}}$ – Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттігі Ұлттық статистика бюросының сайтынан алынған есепті кезеңдегі бөлшек сауда көлемі.